

**"Жеке нотариустардың есептік тіркеуден өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 310 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 31 тамызда № 7888 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 796 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 23.09.2016 № 796 бұйрығымен.**

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

"Жеке нотариустардың есептік тіркеуден өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 30 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7446 тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған, № 269-273 (27347) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке нотариустардың есептік тіркеуден өту ережесінде:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жекеше нотариустың меншік құқығын және үй-жайды пайдалану құқығын растайтын құжаты қоса беріледі.";

10-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық әділет органы жекеше нотариустың бұрын берілген мөрін алып қояды және жояды.";

14-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жекеше нотариустың мөрін алып қою және жою;"

Ереженің 4-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасына жүктелсін.

3. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2012 жылғы 31 тамыздағы  
№ 310 бұйрығына  
қосымша  
Жекеше нотариустардың  
есептік тіркеуден өту ережесін  
ережесіне 4-қосымша

Нысан

Келісілді Келісемін

Нотариаттық палатаның \_\_\_\_\_ қаласы (облысы)

Төрағасы Әділет департаментінің

\_\_\_\_\_ (округі) бастығы

\_\_\_\_\_ (аты-жөні) \_\_\_\_\_

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

### **Жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы қорытынды**

Әділет департаменті (қаланың, облыстық) нотариаттық палатамен (округтың атауы) бірлесіп нотариаттық практикамен айналысатын жекеше нотариустың (жекеше нотариустың аты-жөні) есептік тіркеуден шығару туралы ұсынған құжаттарын қарап шығып, мыналарды белгіледі.

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (округтың атауы) нотариаттық палатасына жекеше нотариустың (аты-жөні) нотариаттық палатаның мүшелігінен шығу туралы оның өтініші түсті.

(Округтың атауы) нотариаттық палатасы жекеше нотариус (аты-жөні), нотариаттық палатаның басқарма мүшелерінің отырысының хаттамасына (хаттаманың күні) сәйкес нотариаттық палата мүшелігінен шығарды.

20\_\_ жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_ қаласы, облысы) Әділет департаментіне (округтың атауы) нотариаттық палатасының жекеше нотариус (аты-жөні) (округтың атауы) нотариаттық палатасы мүшелігінен шығару туралы хабарламасы келіп түсті.

20\_\_ жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_ қаласы, облысы) Әділет департаменті жекеше нотариус (аты-жөні) жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығына тексеру жүргізді, ол туралы тексерудің нәтижелері туралы актіде көрсетілген.

Жасалынған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын тексерудің нәтижелері туралы актіге сәйкес жекеше нотариустың (аты-жөні) қызметінде бұзушылықтар анықталған жоқ (бұзушылық болған жағдайда оларды жою туралы іс-шараларды көрсету).

(облыстардың, қаланың) Әділет департаменті жекеше нотариустың мөрін алып қою және жоюды 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ актіге сәйкес жүргізді. Жекеше нотариустың құжаттары 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ қабылдау табыстау актісіне сәйкес жекеше нотариаттық мұрағатқа берілді. Жекеше нотариус ( аты-жөні) 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жекеше нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы алынды.

Жоғарыда жазылғандардың негізінде жекеше нотариус ( аты-жөні) есептік тіркеуден шығаруға болады деп есептейміз.

( аты-жөні, қолы, қорытынды жасаған тұлғаның лауазымы)